

Азаматтық және коммерциялық істер
бойынша юрисдикция және сот
шешімдерін орындауға келтіру туралы
Брюссель конвенциясы

27 қыркүйек 1968 жыл

III тарау.

Сот шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындау

25-бап

Осы Конвенциядағы «сот шешімі» термині уағдаласушы мемлекеттердің сотымен немесе әділ сот органдарымен шығарылған - олардың қалай аталатынына қарамастан: қаулы, шешім, сот шешімдерін орындау немесе сот орындаушысына берілетін шығыстарды және шығындарды айқындау жайлы сот бұйрығын - кез келген сот шешімін білдіреді.

26-бап

Келісімге келіп жатқан мемлекеттердің бірінде шыққан сот шешімі келісіп жатқан басқа мемлекетте ***ерекше мойындауды талап етпейді.***

27-бап

Сот шешімі келесілер орын алса мойындалмайды:

- 1) бұл шешім заңи күшіне енуі тиіс елдің жария тәртібіне қайшы келсе;
- 2) Сотқа келмеген жағдайда, жауапкерге тиісті түрде іс қозғауға негіз болған құжат берілмесе, немесе тиісті мерзімде өзінің қорғауын тапсыру үшін баламалы құжатты тиісті түрде ұсынбаса;
- 3) егер бұл сот шешімі үкім заңды күшіне енгізілетін мемлекетте сол тараптардың арасындағы дауға қатысты шешімге қайшы келсе;
- 4) шешім шығаратын мемлекеттің соты азаматтық мәртебеге, жеке тұлғалардың құқықтық қабілетін, неке қатынастарынан, өсиеттен не мұрагерліктен туындайтын мүліктік құқықтарға қатысты алдын-ала мәселені сот шешім күшіне енуі тиіс мемлекеттің халықаралық жеке құқығының ережелеріне қайша келетіндей етіп шешсе, бұл ретте шешім күшіне енуі тиіс мемлекеттің халықаралық жеке құқық нормаларын қолдану арқылы тура сондай нәтижеге қол жеткізілмейтін жағдайда;
- 5) шешім осы конвенцияның тараптары болып табылмайтын мемлекетте бұрын қабылданған сот шешімдеріне дәлелді негізде және сол тараптар арасында қабылданған сот шешімдеріне қайшы келсе, тіпті егер бұл шешім сот шешімі қабылдауға қажетті барлық талаптарды қанағаттандырса да.

30-бап

Басқа мемлекетте шығарылған сот шешімі күшіне енуі тиіс Уағдаласушы мемлекеттің соты шығарылған шешімге апелляциялық шағым берілсе, іс бойынша өндірісті тоқтата алады.

31-бап

Бір уағдаласушы мемлекетте шығарылған және сол мемлекеттегі сот талқылауында орындалуы мүмкін шешім, егер мүдделі тараптардың кез-келгені құқық қорғау органдарына өтініш жасаса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте де орындалуы мүмкін.

33-бап

Өтініш беру тәртібі үкімді орындауды жүзеге асыратын мемлекеттің заңымен анықталады. Өтінім беруші өтініш берілген соттың юрисдикциясы шегінде мекен-жайын көрсетуге тиіс.

Алайда, егер мемлекеттің заңы осындай мекен-жайды беруді қарастырмаса, өтініш беруші сот өкілін тағайындайды. 46 және 47-баптарда көзделген құжаттар өтінімге қоса беріледі.

34-бап

Арыз берілген сот шешімді *дереу* қабылдауы қажет; борышкердің өндірістің бұл сатысында арыз беру құқығы жоқ. Арыз тек 27 және 28 баптарда көзделген негіздер бойынша қайтарылуы мүмкін.

Шетелдік сот шешімі *еш жағдайда мәні бойынша* қайта қарастырылмауы қажет.

35-бап

Соттың тиісті өкілетті тұлғасы арызы бойынша шешімді мәжбүрлеп орындату сұратылатын мемлекеттің заңында анықталған рәсімдерге сәйкес өндіріп алушыны қабылданған *қаулы туралы хабардар етеді.*

36-бап

Егер сотпен мәжбүрлеп орындауға рұқсат берілсе, борышкер бұл рұқсатқа оны алған уақыттан бастап *бір ай ішінде* шағым келтіре алады.

Егер шешімді орындатуға рұқсат беретін қаулыны қабылдаған мемлекеттен басқа Келісуші мемлекетте бұл тараптың домицилі болса, қаулы сол тарапқа қаулы жеке не оның орналасқан жері бойынша берілген күннен бастап екі ай ішінде апелляцияға жүгінуіне жол беріледі. Адресаттың орналасқан жерінің алыстығы бұл мерзімді ұзартуға себеп болмайды.

39-бап

36-бапқа сәйкес апелляциялық шағым үшін анықталған мерзім ішінде және осындай апелляциялық шағым бойынша шешім қабылданғанша, борышкердің мүлкін қорғау бойынша шаралардан басқа (талапты қамтамасыз ету бойынша шаралар), сот шешімін *мәжбүрлеп орындату бойынша ешқандай шаралар қабылданбайды*. Мәжбүрлеп орындатуды санкциялайтын шешім осындай қорғау шараларын қабылдау бойынша өкілеттіктерді де анықтайды.

43-бап

Айыппұл түрінде мерзімдік төлемдерді жүзеге асыруды міндеттейтін шетелдік сот шешімдері мәжбүрлеп орындауды сұрататын мемлекеттің сотымен төлем сомасы түпкілікті анықталған жағдайда ғана сұралатын мемлекетпен мәжбүрлеп орындатуға жатқызылады.

45-бап

Бір Келісуші мемлекетте шыққан сот шешімін басқа Келісуші мемлекетте мәжбүрлеп орындатуға келтіру туралы өтініш берген тараптан, оның шетел азаматы болуы не орындату сұралатын мемлекетте домицилі болмауы, не онда мүлдем тұрмауына байланысты қандай да бір нысанда *кепілгерлік, кепілпұл не кепілақы талап етілмейді.*

46 және 47-баптар. Өтініш беруші ұсынатын құжаттар

Негізгі құжаттар:

- 1) шынайылығын анықтау үшін қажетті талаптарға сай келетін сот шешімінің көшірмесі;
- 2) шешім екінші тараптың қатысуынсыз қабылданса – қатыспайтын тұлғаға сот талқылауын тағайындау туралы құжаттың берілгендігін дәлелдейтін құжаттың төлнұсқасы не расталған көшірмесі

Қосымша құжаттар:

- 1) сот шешімі шығарылған мемлекеттің заңы бойынша оның мәжбүрлеп орындалуға жататындығын және оның тараптарға табысталғанын растайтын құжаттар;
- 2) тиісті жағдайларда сот шешімі шығарылған мемлекетте арыщ беруші құқықтық көмек алғандығын куәландыратын құжат.

48-бап

Егер жоғарыда көрсетілген баптарда аталған құжаттар ұсынылмаған болса, сот:

- оларды ұсыну үшін мерзім тағайындауға,
- оларға теңестірілген құжаттарды қабылдауға не
- жеткілікті ақпаратқа ие екендігі туралы шешім қабылдаса, оларды ұсынудан босатуға құқылы.

Егер сот қажет деп тапса, құжаттың аудармасы беріледі; аударма Келісуші мемлекетердің бірінде оны жасауға өкілетті тұлғамен куәландырылады.

49-бап

Аталған баптардағы құжаттарға не ad litem өкілді тағайындау туралы құжатқа қатысты *легализация да, басқа да формальдылықтар* талап етілмейді.

*ad litem - сотта